



СЫПЫРА-ЖЫРАУ ЕСІМІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ АРХАИЗМДЕР

Riza ALMUKHAN*

Андатпа: Ұсынылып отырған мақала Алтын Орда ықпалында болған түркі халықтарының ортақ мұрасы «Едіге» жырының кейіпкері Сыпыра жырауға арналған. Бұл жыр Ноғай Ордасындағы тарихи оқиғаларға негізделген. Тоқтамыс хан да, Едіге би де өмірде болғаны анық. Ал Сыпыра жыраудың есімі және ол айтты дейтін сөздер тек фольклорлық шығармалар арқылы белгілі. Алтын Орда мен Ноғай Ордасының тарихына арналған зерттеулер бар. Дегенмен Сыпыра жырауға арналған зерттеу аз. Осының себебінен Сыпыра есімінің этимологиясы және жырда оған қатысты айтылатын сұп, сұм деген сөздердің қолданылуын талдайтын зерттеу жоқтың қасы. Ұсынылып отырған зерттеуде түркі тілдес башқұрт, түрік сөздерімен салыстырулар жасалды. Сыпыра жырауға қолданылған эпитеттердің дұрыстығын анықтау үшін Ш. Уәлиханов жазып алған нұсқаға текстологиялық зерттеу жүргізілді. (Ш. Уәлиханов жинаған, аударған жырдың нұсқасын жариялаған орыс ғалымдары патшалық Ресей кезінде қазақты қырғыз деген атаумен бергенін ескереміз). Бұл зерттеудің мақсаты – түркі халқына ортақ мұраның тілдік ерекшеліктерін сақтау және сол арқылы Сыпыра есімінің шығу тарихын анықтау. Зерттеудің міндеті – түркі халықтарына ортақ фольклорлық мұраның осы кезге дейін тасада қалып қойған кемшіліктерін анықтау. Зерттеудің нәтижесінде жыраудың есімін анықтауға жаңа пайым ұсынылады. Түркітану саласында алда тұрған міндеттер анықталады.

Кілт сөздер: Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Сыпыра Жырау, Сұп, Сұм.

Araştırma Makalesi / Künye: “Сыпыра-Жырау Есімдерінің Этимологиясы және Архаизмдер”. Türkoloji, 121 (Mart 2025), s. 85-102.

*Prof. Dr. K. Bayseyitova Adındaki Kazak Millî Sanat Üniversitesi, e-mail: riza_almuhanova@mail.ru, ORCID: 0009-0006-4924-7858

ETYMOLOGY OF THE NAME SYPYRA-ZHYRAU AND ARCHAISMS

Abstract: The presented article is devoted to common heritage of the Turkic peoples in the era of Golden Horde, the character of the epic «Edige» - Sypyra-zhyrau. His name is preserved in the folklore of many Turkic-speaking peoples, such as the Kazakhs, Nogais, Tatars, Bashkirs. Small phonetic difference does not have significant impact on pronunciation of the name; typological commonality of the characters is obvious. All Turkic-speaking peoples who have preserved the epic «Edige» present it as a work of zhyrau. The song-writing of the zhyrau has been preserved and has reached us only in folklore samples. Historical documents confirming a certain event are absent, but despite this, the epic reflects historical events of the Nogai Horde. There are many works in national science devoted to the history of the Golden Horde, the Nogai Horde, including the epic «Edige». However, there are not many studies about Sypyra-zhyrau. There are practically no studies whose authors analyze the etymology of the name Sypyra and the use of the archaisms «sup» and «sum» in the text of the epic, which are present in the Kazakh version. The proposed article contains comparisons with Bashkir and Turkish analogues, and presents the results of textual research on version recorded by Sh.Ualikhanov. The purpose of this study is to identify errors in reading common heritage of the Turkic peoples and determine history of the origin of the name Sypyra. As a result of the study, new version of interpretation of the name Sypyra-zhyrau was proposed. Future objectives in the field of Turkology were also identified.

Keywords: Golden Horde, Nogai Horde, Sypyra-Zhyrau, Sup, Sum.

Kіріспе

Алтын Орда (1243-1503) тарихы, оның ішінен құрылған Ноғай Ордасы, Тоқтамыс хан мен Едіге би туралы зерттеулер белгілі. Бұл кезең туралы: «XV ғасырдың басында Алтын Ордаға Ноғай Ордасын құрушы Едіге би саяси диктатура орнатты. Тоқтамыс ханмен және оның ұлдарымен тайталас жалғасты. XV ғасырдың 20-30 жылдарында Алтын Орда ыдырау сатысына түсті» (Аяған & Әбжанов, 2011, 62 -б), – деп жазылды. Ал бұл кезеңдегі тарихи жағдайды жырмен жеткізген «Едіге» туралы Ш. Уәлиханов, В. М. Жирмунский, Ф. И. Урманчеев, Р. Бердібай, Н. Суюнова, Ж. Асанов, т.б. жазды.

Ал сол заманмен және сол кезден аттары аталатын тұлғалармен бірге аталатын Сыпыра жыраудың есімі тек фольклор арқылы жетті.

«Едіге» атауымен жеткен фольклорлық мұралар Алтын Орда тарихы ортақ қазақ, қарақалпақ, башқұрт, қырым татарларында, ноғай халқында сақталған. «Алтын Орда құрамында болған ұлттың бәрінде дерлік «Едіге» жыры, ертегісі бар. Олардың көбінде Сыпыра жырау есімі де, оның сөздері де сақталған.

Сыпыра жыраудың есімі тек «Едігеде» ғана емес, «Ер Тарғын», «Құбығұл», «Телағыс» жырларында да аталады. Бұлардың ортақ болу себебі кезеңімен байланысты.

Ал бұл кезеңде қолданылған тілдің, нақты айтқанда, сөздердің мағынасы түгел анықталды деуге болмайды. Кейбір зерттеушілер басшылыққа алатын кеңес заманында жарық көрген «Древнетюркский словарь» кітабында сөздерді толық жинақталған деуге де келмейді. Ал кейін жарық көрген басылымдарды дайындау барысында Сыпыра жырауға қатысты сөздердің қолданысы назардан тыс қалды. Сондықтан орта ғасырдың мұраларын зерттеу әлі күнге дейін маңызын жойған емес.

Методология

Мақалада текстологиялық, лингвистикалық-салыстырмалы, аналитикалық зерттеу әдістері қолданылады. Ежелгі және орта ғасырлардың тарихы мен әдебиетін, фольклорлық мұрасын зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Себебі шығарма неғұрлым көне болғанда, бірнеше халықтың тарихы мен тіліне, әдебиетіне ортақ. Сондықтан зерттеу нысанына қатысты тиісті нәтижеге қол жеткізу мақсатында тарихи-салыстырмалы, тарихи-тілдік салыстыру, салғастыру, текстология әдістері қолданылды.

Жинақталған ақпараттар аналитикалық пайым негізінде ұсынылды. Қол жеткізілген нәтижені нақты деректермен дәйектеу де ескерілді.

Талқылау

Барлық дерлік фольклорлық шығармаларда Сыпыра жырау ретінде суреттеледі. Сонымен бірге жыраудың жасы әрқалай аталғанымен, бәріне ортақ нәрсе – оның ұзақ өмір сүргенін көрсету.

Жыраудың жасы кейде 180, 390, Ә. Диваев жариялаған ертегіде, тіпті, 1000 жасқа жеткен деп айтылуы фольклорлық санамен, көркемдік тәсілмен байланысты. Ұзақ өмір сүрді деп айтылғандықтан, ол көп ханды да көрген деп айтылады. Оның саны – кейде 9, кейде 11 делінеді.

Жырауға берілетін классикалық анықтама бойынша бірнеше сипат анықталған. ҚР ҰҒА академигі С. А. Қасқабасовтың анықтауында, жырау – ханның қасында жүрген ақылман, қажет кезде сын да айта алатын идеолог. Сонымен бірге елді қорғау қажет шақтарда атқа мініп, жауынгер болған. Жауынгерлерді рухтандыратын толғаулар айтқан. Осы сипаттардың Сыпыра жырауға қатысты толық болмайтынын байқаймыз. Бірақ бізге жеткен мәліметтердің ауызша жеткенін, тарихи құжат жоқ екенін ескерсек, оның жауынгер болғаны ұмытылуы мүмкін екенін ойлаймыз. Себебі ханның қасында болуы әбден мүмкін. Ал оны жырау деп тану түркі халықтарында тұрақты. Мысалы, башқұрт халқында Хабрау-йырау, ноғайда Сыбыра-йырау, татар барабиндіктерде Сафарлау, қырымдықтарда Сыпара жырау, т.б. көптеген нұсқада айтылады. Ал қазақ фольклорында Сыпыра жырау деп атау тұрақты (Қасқабасов, 2002, 501 -б).

Қорқыттың тарихта болғанын дәлелдеуде ғалымдар пікірі екіге жарылғаны белгілі. Ал Сыпыра жырауға қатысты ондай дау туғызатын пікірталас жоқ. Оның себебін татар ғалымы Ф. И. Урманчеевтің “Многое в прорицаниях Субра-жырау отражает практически все реальные события в жизни Токтамыша... Одновременно следует отметить, ...что Субра-жырау вдохновенно, убедительно и с широким эпическим размахом воспроизводит события реальной исторической действительности” (Урманчеев, 2009, 148 -б),– деп жазғанындай, жырау сөздерінің тарихи оқиғалармен үндесуінен деп білеміз.

Қазақта «Едіге» жырының бірнеше нұсқасы белгілі. Соның өзінде Шоқан Уәлиханов жариялаған «Едіге» жыры тарихқа жақын нұсқа ретінде бағаланады (Қазақ әдебиетінің тарихы, 418 -б.). Мұны кезінде В. М. Жирмунский де айтқан. Себебі Ш. Уәлиханов жазып алған нұсқа алғашқы толық түрі және ноғай тілінің де ерекшелігін сақтаған. Осы ерекшеліктері үшін «Эдиге. Ногайская эпическая поэма» жинағына Шоқан Уәлиханов нұсқасы да берілді (Эдиге Ногайская эпическая, 2016, 75 -б).

Шоқан Уәлихановтың жазып алған нұсқасын кітап етіп шығарғанда, алғы сөз жазған П. М. Мелиоранский «жырдың тілі, негізі, ноғай ортасында пайда болған, ал қазақтарға кейін келген» деп жазған (Сказание об Едиге и Тохтамыше, 1905, 5 -б).

Ал башқұрт ғалымы Г.Б.Хусаинов жырға негіз болған дәуірде қазақ та, ноғай да әлі ұлт ретінде бөлінбегенін, Дешті Қыпшақ даласын мекендеген ортақ бабалар өмір сүрген, сол кездегі ақындардың мұрасы деп жазған (Хусаинов, 1996, 52 -б), яғни бұл мұраның Ноғай ордасы дәуірінде туғанын есте ұстау керектігін айтқан. Шынында да, бұл жыр

Ноғай ордасының дәуірінде, қазақ пен ноғай деп ұлттық жіктелуге түспеген кезеңде туған.

«Едіге» жырындағы тарихи оқиғалар XIV ғасырдың соңына таман болған, ал жыр XV ғасырда қалыптасқан. Сондықтан жырда қазіргі тілімізде жоқ көне сөздер мен сөз тіркестерінің болуы заңды. П. М. Мелиоранский, тіпті, жырға ішінара араб пен парсы сөздерінің де кіріп кеткенін, түсінуге қиындық тудырған бір себеп ретінде атаған.

Ғылымда «Едіге» жырының тілін орфографиялық тұрғыдан зерттеуде басты нысан ретінде төрт басылымды басшылыққа алып жүрген зерттеушілер бар. Бұл басылымдарды атап айтқанда, М. Э. Османовтың «Предание о Тохтамыш-хане», И. Н. Березиннің «Рассказ о Тохтамыш-хане», Шоқан Уәлихановтың жазып алған нұсқасын 1905 жылы П. М. Мелиоранский Санкт-Петербургте жарияланған «Едіге би» және В. Радлов жарыққа шығарған «Идеге бий» басылымдары.

Жырдың барлық нұсқасында маңызды тарихи тұлғалардың бірі ретінде Сыпыра жырау жиі аталады. Оның жасының үлкендігі де, бірнеше ханды көріп, оларға ақылшы болғанын айту да барлық нұсқаға ортақ. Бірақ оның сөзінде аталатын хандардың бәрі тарихта болмаған.

Ф. И. Урманчеевтің «Прорицание Субра-жырау в дастане «Идегей» атты мақаласында бұл жағдай аталған (URL-1).

Сыпыра жыраудың есіміне қатысты ғалымдардың бірнеше болжамы да бар. Бірақ бірнеше ханға ақыл айтқан жыраудың есімін және оған қолданылатын сөздерді әлі де болса анықтау керек. Себебі «Едіге» жырының академиялық басылымы саналатын кітапта:

Сұп аяқты, сұп бөрікті,

Сыпыра сынды сұм жырау...

...

Сұп аяқты, сұм бөрікті

Сыпыра сынды сұп жырау» (Едіге Батыр, 1996, 59 -б), дегендегі сөз тіркестерінің мәні анықталды деуге ерте.

Әуелі жыраудың есіміне мән берейік. Қазіргі қазақ тіліндегі «сыпыра» сөзі»дастарқан» мәнінде қолданылады. Сәбиге есім беретін әке-шешесі баласына осы мәндес сөзбен ат қоюы мүмкін бе? XIV ғасырда өмір сүрген адамдардың қандай оймен мұндай есім бергенін дәл тауып айту қиын. Тарихта Кетбұға жырау да, Көтібар батыр да, және осы мәндес басқа да есімдер болғаны белгілі. Сыпыра деген есім

дастарқан, дәлірек айтқанда, молшылықты тілейтін тілекпен қойылуы мүмкін екендігін ескереміз.

«Едіге батыр» жырының оқиғасы Алтын Орда дәуірімен тығыз байланысты, бұл кезде ислам діні Алтын Орда кеңістігіне орныққан. 1312 жылы Өзбек хан Алтын Ордада исламды мемлекеттік дін етіп жариялады (Аяған & Әбжанов, 2011, 62 -б). Сондықтан ислам діні қазаққа да, башқұрт, ноғай халықтарына да ортақ болды және осы кезеңде өмір сүрген жыраудың есіміне араб тілінен енген есімнің қойылу мүмкіндігі бар. Және бір ескеретін жағдай – бізге жеткен фольклорлық нұсқаларда жырау-кейіпкер әбден қартайған адам болуы. Ал осы жерде қарт жырауды халық өз атымен атамай, фольклорда оған берілген сапалық сын есіммен беруі мүмкін деген ой да келеді.

Ясауитанушы, филология ғылымдарының кандидаты Айнұр Әбдірәсілқызы: «VIII ғасырда түркі жұртына ислам дінін тарата келген Ысқақ баб – Баб атаның кезінен бастап, қазақ жерінде өзінің адал малынан арып-ашыған жолаушы мен кедей-кембағалға дастарқан жайып, ішіндіріп-тойындырып, дастарқан үстінде дін ілімін айтып, рухани сұхбат құру үрдісі қалыптасқан. Ескіше «суфрадарлік», «суфра тұту» суфра – сыпыра – дастарқан деп аталатын бұл үрдіс ғасырлар бойы сақталып, Ысқақ бабтың он бірінші ұрпағы Әзіреті Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи кезінде де жалғасын тапқан», – деген (URL-2). Демек, сыпыра дастарқан мағынасында суфра тұтумен мазмұндас болып шығады.

Ал 1996 жылғы басылымдағы *сұп аяқты, сұп бөрікті, сұм жырау, сұм бөрікті* деген тіркестерді қалай қабылдаймыз? Сұп бөрікті сопы киетін бөрі ретінде айту бар. Бірақ Сыпыра жырау ислам дінін уағыздаушы ретінде танылмағанын ескергенде, бұл болжам дәлелдеуге келмейді. Сыпыраның тұрақты қызметі – Тоқтамыс ханның ақылгөйі, кеңесшісі, ғылыми анықтама бойынша, жырау.

Сондықтан әлі күнге белгісіз болып келе жатқан *сұп* сөзінің мағынасын ашсақ, Сыпыра атауының да мәні анықталады деп ойлаймыз. Лингвист Р. Сыздықова: «Едіге» жырындағы *сұб аяқты, сұп бөрікті* тіркестерін орыс ғалымы П. М. Мелиоранский қандай мағлұматқа сүйеніп айтып отырғанын әзірге таба алмадық. Әлде бұл қазақ тіліндегі сопақ, сопаю сияқты сөздердің түбірі бола ма? Ал, шынында да, көп жасап арықтаған адамның аяғы да жіңішке, бөрі де биік болуы мүмкін. Демек, *суп/сұб* сөзінің генезисі мен мағынасын айқындай түсу керек болар», – деп жазған (Сыздықова, 2014, 303 -б). Біздің ойымызша, мұны түркі тілдес халықтардың сөздік қорымен қарастырғанда, жаңа ойға қол жеткізе аламыз. Себебі қартайған адам

арық болғандықтан аяқтары жіңішке, ұзын көрінсе де, басында міндетті түрде биік бөрік болатыны нақты ақпарат емес.

Р. Сыздықова бұл сөздің «Древнетюркский словарь» кітабында жоқ екенін де жазады. Тағы бір ой: бұл сөздікте ежелгі түркі сөздері толық қамтылмаған болуы да мүмкін. Мұны да ескеретін боламыз. Ендеше жыраудың есімін Кубра-Суфра-Сыпыра тізбегі арқылы түсінуге тырысамыз. Себебі кейбір түркі халқында жыраудың аты Суфра, Супра түрінде беріледі.

Тарихи тұлғалардың арасында «Kübra» деген эпитет Мұхаммед пайғамбардың әйелі Хадиджеге арналып айтылған. Ал бұл сөздің шығу тегі арабтікі екені белгілі.

Башқұрт халқындағы Хабрау осы негізде тараған болуы мүмкін, яғни Kübra сөзінің сол халықтың тіліне үндестірілген түрі болып шығады. Енді осыдан кейін Kübra – Хабрау және қазақтағы Сыпыра атауларының арасындағы ортақ үндестікті іздеуге мүмкіндік бар.

Кубра түрік тілінде есім ретінде бүгінгі заманда да кездеседі. Мағынасы – үлкен, сыйлы, биік. Осыны ескерсек, жырауды Сыпыра деп атасақ та, Хабрау деп атасақ та, Сапыра деп атасақ та, бәрінің түп-тегі араб тілі арқылы енген Кубра сөзі болуы мүмкін. Сонда жырауды сыйлы, үлкен, дәрежесі биік адам ретінде қадірлеу байқалады және оның өз есімі ұмытылып, түркі халықтарында Суфра, Супра, Сыпра, Сыпыра атанған болуы мүмкін.

Себебі ислам тарихында Мұхаммед пайғамбардың әйелі Хадиджеге Kübra эпитеті берілген, бұл сөз оған ұлы деген сипат беру үшін қолданылған. Бұл эпитет тек әйелге ғана қатысты емес, яғни жынысқа қарай шектелмейді. Демек кубра мағынасына ұлы деу сыйымды. Сондай-ақ біз зерттеуге алып отырған жырауға да сыйымды.

Осы оймен қазақтағы Сыпыра, башқұрттағы Хабраудың түпкі негізінде арабтан келген Kübra сөзі өзінің мазмұнға бай, яғни «ұлы», «үлкен», «биік» деген мағынасымен сақталған деп тұжырым жасауға болады болады.

Ал 1996 жылғы басылымдағы:

Сұп аяқты, сұп бөрікті,

Сыпыра сынды сұм жырау...

Сұп аяқты, сұм бөрікті (Едіге Батыр, 1996, 59 -б) осындай мағынада қабылдаудың қисыны бар ма? Әуелі сұп аяқты дегенді анықтап алайық.


«Едігенің» орыс тіліндегі 1904 жылғы аудармасында: «Привели, наконец, старика *тонконового*, в *высокой шапке*; весь высохший, по имени *Суп-жырау*» деген. Осы аударманың тағы бір жерінде:

Тонконогий, в высокий шапке, весь высохший *Суп-жырау*,

Наклонившись, вошел в кибитку и,

Сложив руки, начал петь» (Валиханов, 1904, 244 -б; Ер Едіге, 1995, 104-105 -б) деген.


Ал П.М. Мелиоранскийдің 1905 жылғы сөздігінде (Сказание об Едигее и Тохтамыше 6, 1905, 22 –б) былай жазылған:




1-сурет: П.М. Мелиоранскийдің III. Уәлихановтың нұсқасын жариялағанда берген сөздігінің 22-беті.

Демек жырдағы сұп аяқты деген жіңішке екенін білдіреді, солай болғандықтан, ол ұзын көрінеді. Солайша *сұп бөрікті* деген сөздің де мағынасы жыраудың бас киімі биік болғанын білдіреді. Қазақ және басқа түркі халықтарында жыраудың бас киімі қандай болғаны туралы ақпарат жоқ. Бірақ саха жұртында олонхо айтатын жыршылардың бас киімдері үлкен болған.

Енді сұм жырау, сұм бөрікті деген қолданыстарды анықтау керек. Қазіргі қазақ тілінде сұм мен *сұмырай* мазмұндас, мағыналас. Оны залым, қу, жексұрын мағынасында қабылдау тұрақтанып қалды. Ал «Едіге батыр» жырындағы батырдың: «Сұм жалғыздық қайтермін», – дейтіні бар. Р. Сыздықова *сұм* сөзі қолданылатын бірнеше фольклорлық мысалды, атап айтқанда, «Алпамыс» жырында Ұлтан күл «Өлтіремін алып кел, Жәдігер сұм баланы» дейді, «Қозы Көрпеш-Баян сұлуда» өзін әрдайым «Баян сұм» дегенін лингвист Рабиға



3-сурет: 1927 жылғы басылымдағы сұм аяқты деген қолданыс.



4-сурет: 1927 жылғы басылымдағы сұм жырау деген қолданыс.

Сұм аяқты, сұп бөрікті

Сыпыра сынды сұм жырау (Ер Едіге, 1927, 43-44 -б). Демек алғашқыда сұп сөзі техникалық қатенің кесірінен сұм дегенге айналған.

Бірақ Қаныш Сәтбаев өзі бұл жырды жарыққа шығаратын кезде өзгеріс енгізіп, сұм аяқты, сұм жырау дегенді дұрыс деп жөндетсе, сұм сөзі қалай қабылдануы керек? Бұлай ойлауымыздың себебі: «Мелиоранский деген профессор 1905 жылы Едіге бидің әңгімесін қазақ тілінде бастырыпты. Бірақ Мелиоранскийдің бастырған «Едігесінің» ойы қазақша болса да, заты ноғайшаға жуықтаңқыраған түрі бар. Мұның үстіне әңгіме ішінде келетін түрлі толғаулардың да аяқ алысы тасырқаған малдың тұяғынша, сандыраққа айналыңқырағаны көрінеді» (Ер Едіге, 1927, 13 -б) деп жазған.

Ал осы қолданыс 1995 жылғы «Ер Едіге» деген атпен жарық көрген кітапта:

Сұм аяқты, су бөрікті

Сыпыра сынды сұм жырау (Ер Едіге, 1927, 39-43 -б) болып кеткен. Көріп отырғанымыздай, су бөрікті де техникалық қатенің кесірінен орын алған.

Ал 1996 жылы «Едіге батыр» кітабында:

Сұп аяқты, сұп бөрікті

Сыпыра сынды сұм жырау....

Тағы бір жерінде:

Сұп аяқты, сұм бөрікті

Сыпыра сынды сұп жырау (Ер Едіге, 1927, 59 -б).

Осы қолданыстың қаншалықты дұрыс болатынын түсіну үшін түркі халықтарының сөзінен жағымсыз мағына бермейтін сұм сөзін іздестіруге тура келді. Башқұрт тілінде сөм кара (Башкирско-Русский Словарь, 1996, 169 -б), яғни сұм кара, өте кара, тым кара дегенді білдіреді. Сөм дегенмен бірге дөм кара, яғни тым кара түн деген де бар. Сонда сөм және дөм арқылы тым дегенді білдіретін мән анықталады. Қазақ тілінде тым кара деген бар, солайша тізбек айқындалады.

Демек, Қаныш Сәтбаев өз ықтиярымен өзгерткен болса да, Сыпыра жырауға қатысты сұм жырау деген мағынаны білдіретінін анықтаймыз. Ал сұм бөрік сұп бөріктің синонимі деуге келмейді. Сондықтан Ш. Уәлиханов нұсқасы алғашқы басылым ретінде ғылыми маңызға ие екені ескерілуі тиіс.

Фольклорда сұп және сұм сөздерінің жағымсыз болмайтын экспрессивті сөз ретінде қабылдап, оларды қайталау, сөз ойнату мақсатында, яғни бірде сұп, енді бірде сұм деу арқылы қолданылған болуы да мүмкін.

Бірақ сондай ойға ерік бергенмен, ғылымда алғашқы басылым негізге алынуы керек, яғни сұп аяқты, сұп жырау деген қолданыс дұрыс болады. Себебі кейінгі басылымдарда түрлі себеппен техникалық қате кеткені анық байқалады. Оның да мысалы ретінде 1995 жылғы басылымда су бөрікті болып кеткенін айтуға болады (Ер Едіге, 1995, 39 -б).

Біз мағынасын анықтауды мақсат еткен «сұп жырау» тіркесі татар халқындағы «Идегәй» дастанында суп ерау түрінде көп кездеседі екен. Нақты айтқанда, «Идегәй: Татар халық дастанында: Сыпра сынлы суп ерау» деген жолдар бар. Бұл жырды орыс тіліне аударғанда:

«Песнь четвертая. О том, как Токтамыш-хан, выслушав песенное прорицание Субры, испытывал Идегея» деп тақырыпша қойып, ары қарай:

Когда величавый певец,
Согнувшись, вошел во дворец,
Великий хан Токтамыш

С почетом принял его, – деген (Идегэй: Татар халық дастаны, 1988, 46-б).

Сонымен ойды жинақтай келгенде, Сұп – Супра, Кубра тізбегі бойынша зерттеулер әлі жалғасуы керек. Себебі «Древнетюркский словарь» кітабында ежелгі түркі сөздері түгел қамтылмағанын ескеру керек. Оның бір ғана мысалы: саха тілінде сұр – жан-кұт мағынасында қабылданатын сөз бар. Ал қазақ, сонымен қатар, жалпы ислам дінін қабылдаған түркі халықтарында бұл мағынадағы сөз ұмытылған. Сол сияқты сұп пен сұм сөздерінің де түркілік мағынасы болуы мүмкін.

Сұп жырау деген жыраулығы күшті дегенді білдіреді. Сондықтан Сыпыра жыраудың өз есімі болмауы мүмкін, яғни лақабы болуы ықтимал. Сыпра сынды дегенге П. М. Мелиоранский берген түсінікте шындықты бүкпесіз айтатын адам, ал бұл қасиет тек мықты жыраудың ғана қолынан келеді. Содан Сұп жырау Сыпра – Сыпыра түріне айналуы мүмкін. Ал арабтан енген кубра сөзімен байланыс бұл жағдайда әлсіз болады, бірақ зерттеуде жұмысшы құрал ретінде қолданылды әрі жақсы көмек болады.

Қорытынды

Түркі тілдес халықтардың ортақ рухани мұрасы «Едіге» жырының әр сөзі ғылым үшін маңызды. Түркі халықтарының бастан кешкен тарихы ортақ, тағдыры ортақ. Осы кезге дейін түркі халықтарының мұраларын толық әрі «салыстырмалы түрде» деп ауыстырыңыз зерттеуге түрлі кедергілер мұрша бермегені белгілі. Ал енді бауырлас халықтардың ортақ тарихын мейлінше шынайы тану және танытуда фольклорлық мұралардың маңызы ерекше. Кеңес кезінде «Древнетюркский словарь» деген сөздік болса да, Едігенің есімінің өзінен қорқып, оған арналған жыр «тұтқынға» түскен. Соның кесірінен қажетті зерттеулер жүргізілмеді. Енді тарих түркі халықтарының барлық саладағы байланысына жол ашқан кезеңде «Едіге» жыры ортақ мұра ретінде әр халықтағы нұсқаларымен бір ауқымда, толық көлемде зерттеуге алынуы тиіс. Оның айқын дәлелі – ұсынылып отырған осы зерттеудің нәтижесі. Алдағы уақытта орта ғасырлардағы сөздік қорды, архаизмдерді жинақтау бойынша нақты жұмыстар қолға алынуы керек.

Кейіпкерлер тарихи тұлға болғандықтан, олардың әрқайсысының образы, тұлғалары мейлінше анық, шынайы бағалануы тиіс. Ұсынылып отырған бұл зерттеу нәтижесінде Сыпыра тарихи тұлғаның аты емес, халықтың берген бағасымен, құрметімен жыр кейіпкеріне айналған бір жыраудың лақабы болып шықты. Ал түркі халықтарының тығыз байланысы артқан сайын зерттеулер оның тарихи шын есімін табуға бағытталары анық. Фольклорда тарихты жасаушы тұлғаларға халық тарапынан берілген бағаның сақталғанына «Сыпыра – сұп жырау» қолданысы арқылы көз жеткіземіз.

Ал ұлттық жеке нұсқаларға келгенде, әлі де анықтайтын мәселелер қай халықта да бар болуы ықтимал. Қазақтағы «Едіге» жырының Шоқан Уәлиханов жазып алған нұсқасын жариялағанда, 1905 жылғы басылымның ғылыми маңызға ие екені ескерілуі тиіс. Жырдың мәтінін жарыққа шығарғанда, осы басылым басшылыққа алынғаны жөн. Ал жыр соңына берілетін сөздікте *сұп жырау* мен *сұм жырау* сөздерінің қолданысын «үлкен», «биік», «мықты», «ұлы» мағыналарында қабылдаған жөн. Түркі тілдес халықтардың ғылыми байланысының нәтижесінде бір маңызды мәселе шешілді деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

Аяған, Б. Ғ. & Әбжанов, Х. М. (2011). *Исин А.И. Қазақ Хандығы Тарихы: Құрылуы, Өрлеуі, Құлдырау*. Алматы: “Сөздік-Словарь”

Валиханов, Ч. (1904). *Сочинения*. (Ред. Н. И. Веселовского), Записки Императорского Русского Географического Общества по отделению этнографии. СПб., Т. XXIX.

Башикирско-Русский Словарь. (1996). (Ред. З.Г.). Уракин. Москва, “Дигора”, «Русский язык».

Древнетюркский словарь. (1969). (Ред. В. М. Наделяев). Ленинград: Наука, Ленинградское отделение.

Ер Едіге. (1927). (Жинаған Қ.Сәтбаев). Москва: Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасы.

Ер Едіге. (1995). Алматы: Ғылым.

Едіге Батыр. (1996). Алматы: Ғылым.

Эдиге. Ногайская Эпическая Поэма.(2016). (Ред. Н.Х.Сулюновой). Москва: Наука.

Идегей: Татар Халык Дастаны. (1988). Казан: Татар Кит. Нәшр.

Қасқабасов, С. (2002). *Жаназық*. Астана: Аударма.

Қазақ Әдебиетінің Тарихы. (2008). (Ред. С. А. Қасқабасов). Он томдық. Т.1. Алматы: ҚазАқпарат.

Сказание об Едигее и Тохтамыше. (1905). (Киргизский текст по рукописи, принадлежавшей Ч.Ч.Валиханову). Санкт-Петербург: Типо-литография И. Бораганского и К.

Сыздыкова, Р. (2014). *Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. Т.4.* Алматы: Ел-шежіре.

Урманчиев, Ф. И. (2009). Прорицание Субра-Жырау В Дастане “Идегей”, *Научный Татарстан*, №, 4, 144-149.

Хусаинов, Г.Б. (1996). *Баширская литература XI-XVIII вв.* Уфа: Гилем.

Интернеттен Пайдаланылғандар

URL-1

https://tatarica.org/application/files/4916/8915/0688/Urmanceev_F.pdf(Қос у Күні: 10.01.2025).

URL-2 <https://abai.kz/post/10054>(Қос у Күні: 12.01.2025).

SIPIRA JIRAV ADININ ETİMOLOJİSİ VE ARKAİZMLER

Öz: Sunulan makale, «Edige» destanı Sypyra-zhyrau'nun karakteri olan Altın Orda dönemindeki Türk halklarının ortak mirasına ayrılmıştır. Adı Kazaklar, Nogaylar, Tatarlar, Başkurtlar gibi Türkçe konuşan birçok halkın folklorunda korunmaktadır. Küçük fonetik farkın ismin telaffuzu üzerinde önemli bir etkisi yoktur, karakterlerin tipolojik ortaklığı açıktır. «Edige» destanını koruyan Türkçe konuşan tüm halklar, onu bir zhyrau eseri olarak sunar. Zhyrau'nun şarkı yazımı korunmuş ve bize yalnızca folklor örneklerinde ulaşmıştır. Belirli bir olayı doğrulayan tarihi belgeler mevcut değildir, ancak buna rağmen destan, Nogai Horde'un tarihi olaylarını yansıtmaktadır.

Ulusal bilimde Altın Orda'nın, Nogai Orda'nın tarihine adanmış, destansı «Edige» de dâhil olmak üzere birçok eser var. Ancak Sypyra-zhyrau hakkında çok fazla çalışma yoktur. Yazarları Sypyra isminin etimolojisini ve Kazakça versiyonunda mevcut olan destanın metnindeki «sup» ve «sum» arkaizmlerinin kullanımını inceleyen hiçbir çalışma neredeyse yoktur. Önerilen makale, Başkurtça ve Türkçe benzerleriyle karşılaştırmalar içermekte ve Ş. Ualihanov tarafından kaydedilen versiyon üzerinde yapılan metin araştırmasının sonuçlarını sunmaktadır. Bu çalışmanın amacı Türk halklarının ortak mirasının okunmasındaki hataları tespit etmek ve Sypyra isminin köken tarihini tespit etmektir. Çalışma sonucunda Sypyra-zhyrau isminin yeni yorum versiyonu önerildi. Türkoloji alanında geleceğe yönelik hedefler de belirlendi.

Anahtar Kelimeler: Altın Orda, Nogay Orda, Sıpra Jırav, Sup, Sum.

ЭТИМОЛОГИЯ ИМЕНИ СЫПЫРА-ЖЫРАУ И АРХАИЗМЫ

Аннотация: Настоящая статья посвящена изучению общего культурного наследия тюркских народов периода Золотой Орды на примере персонажа эпоса «Едиге» — Сыпыра-жырау. Его имя сохранилось в фольклорной традиции многих тюркоязычных народов, включая казахов, ногайцев, татар и башкир. Незначительные фонетические различия не оказывают существенного влияния на произношение имени, а типологическое сходство образа героя подтверждается во всех вариантах эпоса, существующих у тюркских народов. Эпос «Едиге» представлен как произведение жырау, чье песенное творчество дошло до нашего времени исключительно в форме фольклорных образцов. Несмотря на отсутствие исторических документов, подтверждающих описываемые в эпосе события, его текст отражает реальные исторические процессы периода Ногайской Орды. Отечественная наука располагает значительным числом трудов, посвященных истории Золотой и Ногайской Орды, а также исследованию эпоса «Едиге». Однако исследований, специально направленных на изучение фигуры Сыпыра-жырау, немного. Практически отсутствуют работы, анализирующие этимологию имени Сыпыра и архаичные термины «сұп» и «сұм», встречающиеся в казахском варианте эпоса. В статье проведён сравнительный анализ казахского текста эпоса с башкирскими и турецкими аналогами, а также представлены результаты текстологического исследования версии эпоса, записанной Ш. Уалихановым. Цель исследования заключается в выявлении ошибок интерпретации общего

наследия тюркских народов и определении исторического происхождения имени Сыпыра. В ходе работы предложена новая версия толкования имени Сыпыра-жырау и обозначены перспективные направления в области тюркологии, требующие дальнейшего изучения.

Ключевые слова: Золотая Орда, Ногайская Орда, Сыпыра-Жырау, Сүп, Сүм.

Extented Summary

This study focuses on the character of Sypyra-zhyrau in the medieval Turkic epic *Edige*, a shared cultural heritage of Turkic peoples. The names associated with the Nogai Horde and historical figures from the Golden Horde period are well-known. However, during the Soviet era, the name of the historical hero Edige was suppressed, and the publication or study of folklore works that mentioned him was strictly prohibited. In 1974, V.M. Zhirmunsky, in his major work *Turkic Heroic Epic*, distinguished between the historical and folkloric representations of Edige, yet even then, research on both the hero and the epic faced obstacles. Earlier, in 1927 and later in 1959, Kazakh scholar K.I. Satpaev published *Er Edige*, but he faced persecution as a result.

Due to these restrictions, no dedicated study was conducted on Sypyra-zhyrau within the epic. Only after the dissolution of the Soviet Union and the independence of Turkic-speaking nations did scholars gain the opportunity to fully incorporate the *Edige* epic into academic discourse.

The present research aims to clarify the etymology of the name Sypyra-zhyrau, a figure who witnessed the reign of numerous khans, advised many rulers, and lived a long life. Specifically, the study investigates the expressions *süp zhyrau* and *süm zhyrau*, examining their meanings in relation to Sypyra. The primary source for this research is the manuscript of Shokan Ualikhanov, considered one of the earliest versions of the epic, along with its Russian translation. N. I. Veselovsky published Ualikhanov's manuscript in 1904, followed by P. M. Melioransky in 1905. Melioransky also included an explanation of Ualikhanov's translation. However, further research was required to understand the usage of the terms *süp* and *süm* in connection with the title *zhyrau*. Historically, *süp* was interpreted as meaning "tall" or "high," but new interpretations were necessary. To address this, different versions of the *Edige* epic across Turkic traditions were analyzed to determine the meanings of these terms.

By translating the Tatar version of the *Idegai* epic into Russian, it was found that *süp zhyrau* signifies a “great singer” or “great poet.” A comparative analysis of the Tatar translation confirmed that *süp zhyrau* refers to a renowned or highly esteemed bard. Meanwhile, *süm zhyrau* was identified as a title for a bard with great power, a meaning clarified through the Bashkir dictionary. The study’s findings were obtained by comparing, contrasting, and analyzing the use of these terms across different Turkic languages within the epic.

The significance of this research lies in its identification of archaic vocabulary in medieval Turkic epics. It establishes that *Sypyra* was not a historical name but rather a nickname or title. The study underscores the importance of continued scientific collaboration among Turkic-speaking scholars to further investigate the historical identity of *zhyrau* figures.

Methodologically, the research employs historical-comparative, historical-linguistic, textual analysis, and contrastive methods. The collected data is analyzed through analytical reasoning, with findings supported by concrete evidence.

By applying these methods, the article provides a clear resolution to the posed research question. The findings will contribute to future academic research, particularly in folklore studies, where epic and legendary figures are often perceived as historical characters. For example, debates persist about the identity of Korkut Ata—while some researchers attempt to establish his historical existence, others argue that he represents a social archetype shaped by collective memory and cultural aspirations. Those who view him as a historical figure also link interpretations of his name to contemporary linguistic usage.

If legendary figures traditionally assumed to be historical individuals are instead analyzed as social archetypes or as names formed based on communal values, new research opportunities will emerge. This approach could lead to deeper insights into folklore studies, expanding the academic perspectives on epic characters. Names reflecting societal appreciation rather than direct historical existence would broaden the understanding of their roles within oral traditions.

This research also provides insights into the origin of the name “*Sypyra*,” demonstrating that the transition from *süp* to *Sypyra* was not intended to convey meanings of abundance or prosperity (as in “table” or “feast”), but rather reflects a linguistic evolution. Applying this approach to other folklore figures, such as Korkut Ata, could contribute to a more unified

understanding among Turkic scholars and facilitate well-founded scientific interpretations.

The study of character names in Turkic folklore remains a crucial area for academic exploration. Additionally, this research sheds light on the political challenges faced by Kazakh scholars during the Soviet period, recognizing those who persevered in studying and publishing the *Edige* epic in Arabic script.

These findings highlight the necessity of strengthening academic collaboration among Turkologists and advancing research in medieval folklore. The study paves the way for addressing future academic challenges, particularly in the documentation of archaic words preserved in medieval texts. There is a growing need to expand and refine the *Drevnetyurkskiy Slovar'* (*Old Turkic Dictionary*), transforming it into a more advanced scholarly resource with deeper linguistic analysis.

Furthermore, the names of shared characters across Turkic folklore should be systematically examined in order to propose comprehensive new research avenues. This study highlights the importance of such initiatives and advocates for further scholarly engagement in the field.

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Riza ALMUKHAN (%100)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

UDC 78.08:801.81 DBTBL18.4.85